

**ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЖАЗАСЫН ЕҢБЕКПЕН ӨТЕУШІЛЕРДІҢ
КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР ТАРИХЫНАН**

Әбішева Айдана Әмірханқызы

abisheva_aidana@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Тарих факултетінің 2 курс магистранты,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – т.ғ.д., профессор А.С. Мұсағалиева

XX ғасырда қаншама мың адамның тағдырын бір-ақ күнде өзгерткен халықтарды күштеп жер аударудың зардабы орасан зор. Сталиндік жылдарда көптеген қоғамдық және мемлекеттік басшылар, әртүрлі әлеуметтік топтардың өкілдері, сондай-ақ тұрақты тұратын жерінен мәжбүрлеп қоныс аударған барлық ұлттар мен этникалық топтар негізсіз саяси қуғын-сүргінге ұшырады. 1920-жылдардың соңында Қазақстанның көптеген облыстарына кулактарды күштеп қоныс аударта бастады. Кулактарды жер аудару тарихы ұжымдастырудың және байлардың мүлкін тәркілеу тарихының ажырамас бір бөлігі болып табылады.

1930 жылы 30 қаңтарда БКП(б) Орталық Комитетінің «Жаппай ұжымдастыру аудандарындағы кулак шаруашылықтарын жою жөніндегі шаралар туралы» Қаулысынан соң кулактардың мүлкін тәркілеп, күштеп жер аудару қарқынды жүргізіле бастады [1, 91].

Осы уақытта Қарағанды облысы кулактар, байлардың күштеп қоныс аударылған жеріне айналды. Кулактар отбасыларымен тек Украина мен Ресейдің орталық аудандарынан ғана емес, сондай-ақ Солтүстік Кавказ бен Орталық Азиядан да көшірілді. Жазасын еңбекпен өтеушілердің негізгі бөлігі облыстың аумағына орналастырылды. Жазасын еңбекпен өтеушілердің ұлттық құрамы әртүрлі болды. «Кулактардың» негізгі бөлігін орыстар, украиндықтар, немістер құрады, сонымен қатар олардың арасында поляктар, белорустар, татарлар, еврейлер, армяндар және тағы да басқа халықтар да болды.

Қазақстанға ұжымдастыру кезінде Ресейдің орталық облыстарынан 189 мың адам жер аударылған. Ал 1931 жылдың өзінде 150 мың адам Ақмола, Қарағанды, Павлодар, Көкшетау облыстарының аумағына күштеп қоныстандырылды [2, 9]. Қарағанды облысына қоныстандырылған жер аударушылар тек кеңшарлардың поселкелерінде құрылған арнайы аумақтарда ғана емес, сонымен қатар облыстағы әртүрлі өнеркәсіптік кәсіпорындарда жұмыс істеді. Қарағанды облыстық атқару комитетінің құжаттарында 1930-жылдары жер аударылғандар жұмыс атқарған 70-тен аса кәсіпорындардың тізімі берілген. Осы бойынша жазасын еңбекпен өтеушілердің көп бөлігі көмір өнеркәсібінде істеген [3, 6].

Арнайы қоныстанушылардың Ақмола басқармасы бес аудандық комендатурадан тұрды. Олар: Тайынша, Шортанды, Ақмола, Осакаров және Қарағанды. Алғашқы төрт комендатура жер өңдеу бойынша шаруа қожалықтарын құруға бағытталса, Қарағанды облысы қала құрылысымен байланысты болды. Жазасын еңбекпен өтеушілер әртүрлі шахталарда, зауыттарда жұмыс істеді. 1933 жылғы 25 қаңтардағы БКП(б) Қарағанды қалалық комитеті бюросының хаттамасы бойынша арнайы қоныстанушыларға белгілі бір поселоктарды территория бойынша бөлу принципімен келесідей шахталарды бөліп берді: 1, 15, 19, 20 [3, 27]. 1934 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша Қарағанды көмір бассейнінде 10397 адам жұмыс істеді, оның ішінде 5525 арнайы қоныстанушы болды. Ал

1935 жылдың наурыз айының соңында 11574 арнайы қоныстанушы өнеркәсіптерде жұмыс атқарды [4, 5].

Қазақстанға жоғарыда аталған қаншама мың кулактар жер аударылса да, дегенмен күштеп қоныс аударылған кулактарды қабылдап, оларға жан-жақты көмек көрсетуге үкімет толық дайын болмады.

Қарағанды облысында арнайы қоныстанушылар мәдениет үйлеріне, қараусыз қалған мешіттерге, қоймаларға, әртүрлі уақытша ғимараттарға және барақ тәрізді салынған үй-жайларға 50%-ы орналастырылса, ашық аспан астында қалғандар өздеріне жеркепе қазып алды [3,14]. Жер аударылғандардың алғашқы қысты қандай жағдайда өткізгені туралы өлкетанушы Ю.Поповтың әкесі Попов Григорий Павлович өзінің естеліктерінде баяндайды. Г.П. Попов 1931 жылы Қарағандыға күштеп жер аударылады. Ол өзінің естеліктерінде: «Алғашқы қыс өте қиын болды және ол мәңгі есте қалды. Қарағандыға 75 мың арнайы қоныстанушылар келді. Оның ішінде балалар мен қарттар көп болды. Құрылыс материалдары болмады, олар Ақмоладан алынды. Барақтар қыс мезгіліне дейін толық салынып бітпеді. Соған қарамастан бұл барақтарда 70 адамға дейін тұрды. Саманнан тұрғызылған барақтар кеуіп үлгермей, қыста қатып қалды. Кірпіш болмады, сондықтан пешті әркім өз шамасы келгенше тұрғызды», - деп еске алады [5, 5].

Арнайы қоныстанушылар санының көптігі, климаттың күрт өзгеруі, ауыр тұрмыстық жағдай, аз тамақтану, санитариялық жағдайдың болмауы көшіп келгендердің арасында жұқпалы аурулар мен жаппай өлімнің көбеюіне алып келді. 1931 жылы 26 тамыздағы шыққан құжатта Қарағанды аумағында сумен жабдықтау қанағаттанарлықсыз болғандықтан, тұрмыстық жағдайдың ауыр болу себебінен және медициналық көмектің болмауынан тұрғындар арасында іш сүзегі және басқа да аурулардың таралғандығы айтылады. Сонымен қатар арнайы қоныс аударушылардың көптеп келуі (60 мыңға жуық адам) және медициналық қызметпен толық қамтамасыз етілмеуінен науқастар саны одан әрі көбейе түсті [3,14]. Эпидемиялық аурулардан зардап шеккен арнайы қоныс аударушылар арасында бөртпе және іш сүзек, дизентерия, қызылша, оба және тырысқақ аурулары кең таралды.

Жоғары да аталған себептерге байланысты арнайы қоныстанушылар арасында өлім саны да көбейді. Оны біз сол зұлмат заманды өз көзімен көрген жандардың естеліктерінен көре аламыз. Прасковья Тимофеевна Украинская: «Менің анам және он айлық бауырым қайтыс болды. Мен ол уақытта 7 жаста едім. Бізді Осакаровкадағы төбесі жоқ барақтарға орналастырды. Әр барақта 70-80 адам. 1932 жылдың көктемінде әр барақтан 5-6 адам ғана тірі қалды». Василий Михайлович Судейкин: «1932 жылдың желтоқсан айында бізді Кубаньнан 9-поселокке әкелген уақытта біздің отбасымызда алты адам болды. 1933 жылдың жаз айының соңында мен ғана тірі қалдым». Петр Петрович Крылов: «Тоғызыншы поселокте 1933 жылы түгелдей отбасылар өліп жатты» [6].

Арнайы қоныстанушыларға күнделікті жұмыс атқарғаны үшін белгілі бір мөлшерде тізім бойынша азғантай тамақ беріліп отырды. Дегенмен, бұл көмек оларға жеткілікті болмады. 1931 жылы Орынбордан Ақмолаға жер аударылған Григорий Пивоваров өзінің естелігінде адамдардың суықтан және тұрақты тамақтың жетіспеушілігінен зардап шеккенін айта келіп, «тізім бойынша берілетін өнімдердің ішінен тек нан ғана тағамға лайықты болды, бірақ ол өте аз берілгендіктен, бір рет тамақтанғанда барлығын жеп қоятын едік, ал жарманы бір жерде пісіру керек болды, ол үшін бізде пеш болмады», - деп еске алады [7,4].

Жұмыс істейтін жазасын еңбекпен өтеушілерге орталықтың қарым-қатынасы туралы 1933 жылдың 1 қаңтарындағы БКП(б) Қарағанды қалалық комитеті бюросының хаттамасында: «Өз еркімен жұмысын тастаған арнайы қоныстанушылар және жұмысқа шықпағаны үшін, жұмысты дұрыс атқармағаны үшін өндірістен шығарылғандарды 5 күннен 15 күнге дейін жұмыс бермей, кінәлі адамды және оның отбасы мүшелерімен қоса белгілі бір мерзімге мөлшерлеп берілетін азық-түліктен айыру керек. Жазалау уақыты біткен соң, оларды арнайы мөлшерлеп берілетін азық-түлік шегінде, яғни аталған азық-түлік мөлшерін 400 граммға дейін төмендетіп, аз төленетін жұмысқа жіберу керек. Ал нан жұмысшыларға

және олардың отбасыларына жұмысқа шыққан күннің ертеңінде беріледі», - деп көрсетілген [3,25].

XX ғасырда күштеп көшірілген жазасын еңбекпен өтеушілер қилы заманда Қазақ өлкесінен пана тауып қана қойған жоқ, бастарынан қиыншылықтарды бастан өткізе отырып, өздері және ұрпақтары үшін екінші Отанын тапты. Олар ездерінің ұлттық ерекшеліктерін сақтап қалды, кепұлтты Қазақ өлкесінен өзіне лайықты орын тапты.

Қазақстанға күштеп жер аударылған жазасын еңбекпен өтеушілер тарихын зерделеу тек осы халықтардың өз тарихын, өткенін білу тұрғысынан ғана емес, сондай-ақ қоныс аудару қозғалысының объектісі болған Қазақстанның тарихындағы үлкен бетті зерттеу үшін де маңызды болып табылады. Қазақстан көпұлтты және көпконфессиялы мемлекет болып табылады, қазіргі уақытта бүкіл әлеуметтік-экономикалық құрылымды реформалауда шешуші кезеңді бастан кешуде. Біз үшін этносаралық келісімнің сақталуы, қоғамдағы үнқатысу мен өзара түсіністік ахуалын құру азаматтық бейбітшілік пен саяси тұрақтылықтың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Полиэтникалық және көп түрлі мәдениеті бар еліміздің орнықты дамуы үшін мүмкіндіктер ауқымын жетілдіру, жүйелі жаңаруды тездету, қажетті құндылық ретінде бірлік пен үйлесімділікті қарастырады. Қазақстан көптеген этникалық топтардың достық қарым-қатынасын сақтап қалды. Республика этносаралық келісім мен халықтардың бейбіт қатар өмір сүруінің ерекше тәжірибесін жинады.

Жоғарыда көрсетілген жазасын еңбекпен өтеушілердің күнделікті өмірі туралы деректерді біршама көрсеткенімізбен, дегенмен, Орталық Қазақстанға арнайы қоныс аударушылардың күнделікті өмірін зерттеп, болашақ ұрпаққа жеткізуде тарихшылардың алдында әлі де болса көптеген міндеттер тұрғаны анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жангуттин Б. Вынужденные мигранты в Казахстане в 1930-е годы: численность и состав // Отечественная история. – Алматы, 2001. – № 3. – С. 95–100.
2. Козыбаев М.К., Алдажуманов К.С. Тоталитарный социализм: реальность и последствия. – Алматы: Фонд XXI век, 1997
3. Спецпереселенцы в Карагандинской области. Сборник документов и материалов. – Караганда: Изд-во КарГУ, 2007. – 325 с.
4. Михеева Л. Спецпереселенцы // Индустриальная Караганда, 27 январь, 1998.
5. Ю.Попов. Из записок отца // Индустриальная Караганда, 28 октябрь, 1990.
6. Чиров Д. Откуда родом переселенцы? // Индустриальная Караганда, 21 апрель, 1989.
7. Чиров Д. О жизни, о судьбе // Индустриальная Караганда, 21 август, 1988.